Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында өткізген семинарының
ХАТТАМАСЫ

2025 жыл 25 қыркүйек Тараз қаласы

Қатысқандар: Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының директоры А.Тәжиев, театрдың әкімшілік құрамы.

Барлығы 18 қызметкер.

Күн тәртібі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Тақырып бойынша баяндама тыңдалды: Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының кадр жөніндегі маманы Биялиева Айсулу Бакытовна – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің офицері, сәлеметсіздерме бүгін арнайы жиын жасап сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуге арнайы жиналдық. Сыбайлас жемқорлықтың іс шаралырын жүргізу бойынша бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес театрдың есеп бөліміне және басқа да жауапты тұлғаларға жұмыс жоспары таныстырылып ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша түсіндірме жұмыстары өз нәтижелерін беруде, атап айтқанда Мемлекеттк сатып алу бойынша заңдылығына сәйкес жүргізілетін жылдық жоспарды мекеме басшының қол қойылған бұйрығы шыққан күннен 5-жұмыс күні ішінде сатып алу порталына өзгерістер мен толықтырулар еңгізу. Олардың мерзімдері мен бекітілген ережелерін сақтау бойынша да түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:

1) Комплаенс офицері А.Баялиеваның баяндамасы назарға алынсын;

2) Театрдың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жұмыстар тиісінше жалғастырылсын.

Театр директоры **А.Тәжиев**

Хатшы **А.Биялиева**

Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында өткізген семинарының
ХАТТАМАСЫ

4 маусым 2025 жыл Тараз қаласы

Қатысқандар: Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының бас маманы – заңгер Т.Кибат, Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының директоры А.Тәжиев, театрдың әкімшілік басқару және шығармашылық құрамы.

Барлығы 83 қызметкер.

Күн тәртібі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Тақырып бойынша баяндама тыңдалды: Басқарманың бас маманы – заңгер Кибат Толганай баяндама жасап, сыбайлас жемқорлыққа жалпы сипатарын, осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын түсіндіріп айтты. Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасына қарасты мекемелер арасында ағымдағы жылдың тамыз – қыркүйек айларында ішкі талдама жұмыстары болатыны туралы, ол бойынша алдынала хабарлама берілетінін ескертіп, талдамалық анықтаманың жазылу тәртібімен өткізілу мақсатын түсіндірді.

Баяндама бойынша қолдау пікірлер, ұсыныстар айтылды: театр директоры А.Тәжиев – қызметкерлер арасында жыл сайын Сыбайлас жемқорлық бойынша түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп тұрады, осы жылы Басқарманың бастамасымен ұйымдастырылған жиналысқа барлық қызметкерлерді қамтуға тырыстық, менің сұрағым комплайнс қызметі бойынша бұл қызметті атқаруды кадр бөлімінің маманына жүктелген, осы бойынша өткен аудиторлық тексеруде осы қызметті функционалдық міндеттеріне кірмейтіндігіне байланысты қосымша ақы төленген, аудиторлық тексерудің нәтижесінде заңсыз деп шешілді. Енді осы қызметті жүктеу туралы түсіндіріп берсеңіз.

Басқарманың бас маманы – заңгер Т.Кибат, ия осы қызмет бойынша сұрау берілген болатын Сыбайлас жемқорлық іс-қимыл агенттігіне жауапта жұмыскер функционалдық міндеттеріне осы қызметті қоса атқарғаны үшін әр мекеме экономикалық жағдайына байланысты 30 дан 50 пайызға дейінгі мөлшерде қосымша төлеуге рұқсат етілген.

Театр директоры **А.Тәжиев**

Хатшы **А.Биялиева**

Коммунальное государственное казеное предприятие «Жамбылский областной казахский драматический театр имени Аскара Токпанова» Управления культуры и развития языков акимата Жамбылской области

Вид деятельности: Тестральная деятельность.

Сумма выделенная на закупки в 2024 – 2025 г.г.

217,25 млн. тенге (2024 г. -107,93 млн., 2025 г. – 109,31 млн.)

Штатная численность:

117 работников (по состоянию на 31.12.2024 г.)

116 работников (по состоянию на 31.01.2025г.)

Директор Тәжиев Ақылдос Тлеубайұлы

Период занимаемой должности: с 30.12.2024 года.

Офицер Антикоррупционной комплайнс – службы

Биялиева Айсулу Бакытовна

Период занимаемой должности: с февраля 2025 года.

Образование: Университет «Орда» города Шымкент.

Контактные данные: 8 747 491 56 42. biyaliyeva.ayko@mail.ru



Коммунальное государственное казеное предприятие «Жамбылский областной казахский драматический театр имени Аскара Токпанова» Управления культуры и развития языков акимата Жамбылской области
Вид деятельности: Театральная деятельность.
Сумма выделенная на закупки в 2024 – 2025 г.г.
217,25 млн. тенге (2024 г. -107,93 млн., 2025 г. – 109,31 млн.)
Штатная численность:
117 работников (по состоянию на 31.12.2024 г.)
116 работников (по состоянию на 31.01.2025г.)



Директор
Тәжиев Ақылдос Тлеубайұлы
Период занимаемой должности:
с 30.12.2024 года.



Офицер Антикоррупционной комплаенс – службы
Биялиева Айсулу Бакытовна
Период занимаемой должности:
с февраля 2025 года.
Образование: Университет «Орда» города Шымкент.
Контактные данные: 8 747 491 56 42.
biyaliyeva.ayko@mail.ru

«БЕКІТЕМІН»
А.Тоқпанов атындағы
Жамбыл облыстық қазақ драма
театрының директоры
А.Тәжиев
_____
«____»_____2025 жыл

«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Жалпы ережелер

1. «А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының аталған ережелері мүмкін болатын сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мыналар бойынша Кәсіпорын лауазымдық тұлғаларының құзыреті аясындағы қызметі:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес).

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

3) Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Кәсіпорын қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) төмендегілер арқылы Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылығын қалыптастыру:

- қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ҚР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;

- Кәсіпорын қызметкерлеріне Кәсіпорында және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;

- Кәсіпорын қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу;

2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қою;

3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындаған кезде немесе оған сыйақы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуге тиіс;

4) Кәсіпорын қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алаяқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Кәсіпорынның біріңғай саясатын жүргізу;

- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның өзара іс-қимыл жасау механизмін құру;

- Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша қатысуға тартуға, олардың ойын сыбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;

- қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз ету болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе Кәсіпорын қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеуге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты білетін Кәсіпорынның өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, Кәсіпорын қызметкерлері Кәсіпорынның басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туралы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық соңына жеткізіледі.

5. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;

2) мүдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта дереу өзінің тікелей басшысына хабарлауға;

3) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндетті.

12. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіпте қызметтік міндеттерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылады.

БЕКІТЕМІН
«Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театр» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын директоры
_____ А.Тәжиев
«__» _____ 2025 жыл

«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

"Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының (бұдан әрі - кәсіпорын) осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның 10-бабының, 2-тармағына сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің мақсаты кәсіпорында (театрда) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне төзбеушілік жағдайына қол жеткізуге бағытталған ұсынымдар жүйесі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың міндеттері болып табылады:

1) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар анықтайды іс-әрекеттері мен шешімдеріне кәсіпорын қызметкерлерінің бағытталған мүлтіксіз белгіленген ережелерінің сақталуын және, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу.

Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын орындау міндетті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуына бақылау жасау кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталғаны (сақталмағаны) туралы ақпарат кәсіпорынның жұмыскерлерінің жұмыстарының тиімділігін бағалау кезінде пайдаланылады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы - «А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК

2. Кәсіпорын қызметкерінің мінез-құлқының (іс-қимылының) Ережелері.

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қозғалатын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде.

Кәсіпорын қызметкеріне тыйым салынады:

1) лауазымдық өкілеттігін орындауға байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың қызметін жеке мақсатында пайдалануға;

2) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты беруден негізсіз бас тартуға, не оны кешіктіруге, дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беруге;

3) жеке немесе заңды тұлғалардан осы тұлғалармен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген тиісті ақпаратты талап етуге;

4) жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға кедергі болуға;

5) өз қызметтерін орындағаны үшін тұлғаның сәйкес қызмет атқармайтын ұйымнан ақша, қызмет және өзге де түріндегі кез келген сыйақы қабылдауға, сондай-ақ жеке тұлғалардан да, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе;

6) кәсіпорынның беделіне нұқсан келтіруге қабілетті даулы жағдайлардың болуына жол бермеуге;

2.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде.

Кәсіпорын қызметкеріне тыйым салынады:

1) шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсетуге;

2) лауазымдық өкілеттігіне қатысы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына бағытталған бұйрықтар мен нұсқауларды орындауға бұйрық беруге;

3) өзінің немесе жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалануға;

4) бағыныстылар арасында еңбек жүктемесін әркелкі бөлуге жол беруге;

5) бағынысты жұмыскерлердің қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде шынсшылдықсыздық пен әділетсіздік танытуға, сондай-ақ көтермелеу және жаза шараларын қолдануға;

6) жұмыс бойынша оларға тәуелді тұлғалардан өз міндеттерін атқарғаны үшін жалпы қамқорлығы немесе енжарлығы үшін сыйлықтар немесе қызметтер алуға.

3. Басқа шектеулер мен тыйым салулар.

3.1. Қоғам қызметкерлері міндетті:

1) кәсіпорын мүддесіне нұқсан келтіретін, оның жұмыс істеуіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

2) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлық құқығын бұзушылық фактілерінің жолын кесуі;

3) өзінің іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынауға жол бермеуге, сынға алғаны үшін қудалауға, кемшіліктерді жою үшін және өзінің қызметін жақсарту үшін сыншылар тарапынан сындарлы сынды қабылдауға және пайдалануға;

4) басшылықты немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органды өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен қылмыстар әрекеті бойынша деректері туралы дереу хабардар етуге;

5) жұмыстан тыс уақытта сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына жол бермеуге, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

6) әріптестері мен басшыларына, олардың әділ шешім қабылдау мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштер талап етуден тиылуға;

7) мүдделердің дауын реттеу және болғызбау жөнінде шаралар қабылдауға;

8) қызметкерлерді жоғары лауазымға тағайындау кезінде меритократия қағидатын басшылыққа алуға;

9) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға.

4. Қорытынды ережелер.

1.Осы Стандарттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қайта қаралуы мүмкін.

2.Осы Стандарттарға енгізілетін барлық өзгерістер кәсіпорынның сәйкес шешімдерімен орындалады.

3.Осы Стандарттарда тікелей көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен рәсімделеді.

«БЕКІТЕМІН»
А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының директоры
А.Тәжиев
_____
«____»_____2025 жыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулықтар

I. Сыбайласжемқорлыққа қарсы төзбеушілік және моральдық мінез-құлық жүйесін құру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдар беруді бағыттау мақсатында қызметкерлерге күнделікті қызметінде төмендегілер жүктеледі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің саясатына адал болу және оны дәйекті түрде қолдану;
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын басшылыққа алып, Казақстан Республикасының заңдарын және өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік құқықтық актілерін қатаң сақтау;
3. Қоғам мен мемлекет мүддесі үшін өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайту, қызметке кір келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу;
4. Қызметтік міндеттерді атқару кезінде жеке қызығушылыққа және сыбайлас жемқорлыққа жол беру, қандай-да бір сыйлық алу, мүдделер қақтығысының туындағаны туралы тікелей басшыға баяндау;
5. Жариялауға жатпайтын ақпаратты жеке басы үшін пайдалану және мұндай ақпаратты басқа мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында таратпау;
6. Жақын туыстық қатынастар (ата-анасы, жұбайы, ағалары, апалары, балалары) тікелей бағынышты болатын және есеп беретіндей қызметтік лауазымға тағайындаудан бас тарту;
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарды ашу және оған қарсы тұруда белсенділік таныту;
8. Белгілі болған істерді қарау барысын тездету немесе тым кешілдету фактілерін басшылыққа дереу баяндау;
9. Әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуді жоғары құқықтық мәдениетті талап ету;
10. Кез келген тұлғаға кәсіпкерлік және басқа да қызмет көрсетуге жәрдемдесуден бас тарту;
11. Үшінші тұлғалардың мүдделеріне қатысты іс-әрекеттерден бас тарту.

II. Басшыларға өзіне бағыныстытұлғалармен барлық деңгейде қарым-қатынастарға байланысты төмендегілер ұсынылады:

1. Туыстық, жерлестік және жеке басына берілу белгілері бойынша кадрларды іріктеу мен орналастыруға жол бермеу, меритократия қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
2. Бағыныстысты қызметкерлердің қызметтік міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындау;
3. Қарамағындағы қызметкерлерге еңбек міндеттерін тең емес бөлуге жол бермеу;
4. Қызметкерлердің қызметін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік, кішіпейілділік таныту;
5. Заңға қайшы келетін, сондай-ақ олар анық орындай алмайтын өкімдер бермеу;
6. Жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттігін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;
7. Қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлыс жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлемеу;
8. Бағыныстысты қызметкерлермен құмар ойындар ойнаудан бас тарту.

III. Ұйымдастыру, кадр жұмысы бойынша іріктеу және орналастыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің басшыларына төмендегілер ұсынылады:

1. Меритократия қағидасын басшылыққа алу;
2. Тағайындау материалдары уақытының сақталуын және белгіленген қарау мерзімін сақтау;
3. Қызметке қабылдау кезінде негізгі міндеттері, тыйымдар мен шектеулер туралы түсіндіру;
4. Өзінің және зайыбының (жұбайының) табыстары, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы толық ақпарат ұсыну.

IV. Мекеме басшысы өз бағынысындағы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауына және олардың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың жай-күйіне тікелй жауапты болады.

Құрастырған кадр маманы **А.Биялиева**

«БЕКІТЕМІН»
А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының директоры
А.Тәжиев
«____»_____2025 жыл

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу шаралары бойынша шектеу

1.Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар осы Заңның 13, 14, 14-1 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өздеріне:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеумен таныстым:

«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК–ның директоры А.Тәжиев

«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК–ның бас есепшісі Н.Тоқтамысов

«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК–ның сатып алулар жөніндегі менеджер А.Рахманалиева

БЕКІТЕМІН
«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының директоры
_____ А.Тәжиев
«____» _____ 2026 жыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің үлгілік жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мақсаты	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырубағыты					
1. Үгіт ақпараттық жұмыстар					
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу (Департамент өкілін қатыстыра отырып)	Ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нөлдік төзімділік қалыптастыру	жылына 3 рет	Ж.Дуйсенбаева Б.Жумабеков А.Биялиева	Әлеуметтік желі сілтемелерін Департаменке жолдау
1.2.	Мекеме басшылығы әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шығу (алдың ала постер жариялау, тақырыпты және спикер туралы ақпаратты жазу)	Мекеменің басты жұмыстары, бюджеттің игерілуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған шаралар туралы	Жылына 2 рет	А.Тәжиев Н.Тоқтамысов	Тікелей эфир сілтемесін Департаментке жолдау

2. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу шаралары					
2.1.	Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдау	Қызметкерлермен шектеу қабылдау арқылы жауаптылықты қабылдай білу	Ақпанға дейін	А.Биялиева	Шектеу көшірмелерін Департаментке жолдау
2.2	Қызметкерлер арасында ішкі әдептілік қағидаттарын қалыптастыру, әдептілік нормаларын қызметкерлермен қабылдау	Корпоративтік әдептілік нормаларын құру арқылы, қызметкерлер арасында бұзукшылықтарды алдын алу	Жарты жылда бір рет	А.Биялиева	Қабылданған құжат көшірмесін Департаментке жолдау
2.3.	Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын қалыптастыру, ол бойынша қызметкерлердің жұмыс жасауын қамтамасыз ету	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қалыптастыру арқылы жемқорлық тәуекелдер денгейін азайту	Жарты жылда бір рет	А.Биялиева	Қабылданған құжат көшірмесін Департаментке жолдау
2.4.	Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру, ол бойынша қызметкерлердің жұмыс жасауын қамтамасыз ету	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қалыптастыру арқылы жемқорлық тәуекелдер денгейін азайту	Жарты жылда бір рет	А.Биялиева	Атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желіде жариялау және әр айдын 30 дейін Департаментке жолдау
2.5.	Хабарламалар, түскен арыздар, БАҚ-та жарияланған материалдар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу	Мекеменің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, дер кезінде жемқорлықты алдын алу	Жарты жылда бір рет	А.Биялиева	Атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желіде жариялау және әр айдын 30 дейін Департаментке жолдау

«А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры» КМҚК жауапты тұлға (ақпарат жинақтаушы)
Биялиева Айсулу Бакытовна 8 7262 45 53 25